

ОҚУ ӘРЕКЕТІ АРҚЫЛЫ ОҚУШЫНЫҢ ӨЗІНДІК ШЫҒАРМАШЫЛЫҚ ҚАБІЛЕТІН ҚАЛЫПТАСТЫРУ

Магистр Алдабергенова М.Б., профессор Көкшеева З.Т.

*Ш. Есенов ат. Каспий мемлекеттік технологиялар және инжиниринг
университеті, (Ақтау, Қазақстан)*

Оқуды дұрыс ұйымдастыру оқушыларды өздігінше білім алуға, шығармашылыққа тәрбиелейді. Оқудың сипаты, оның нәтижесі мұғалімдердің құрамына, олардың теориялық дайындығына, оқушылардың дайындық деңгейіне, олардың оқуға қарым-қатынасына тәуелді. Дәстүрлі дидактикада оқушы оқу үрдісіне бірдей қатысатын тұтас тұлға ретінде қарастырылмады, көбіне олардың психикалық жеке жақтарына: зейін, ес, ерік, әсіресе еске көп көңіл бөлінді. Дидактикалық тұрғыдан дұрыс ұйымдастырылған өзіндік жұмыс білімді тереңдетуге, толықтыруға, дағды мен іскерлікті қалыптастыруға, танымдық әрекетке қызығушылықты туғызуға, оқушы қабілеттерінің дамуына, шығармашылықпен жұмыс істеуге мүмкіндік береді. Оқушылардың білім меңгеру деңгейлері В.П.Беспалько, Б.Блум тұжырымдамасында келтірілген танымдық қызмет аймағымен анықталады.

Білім меңгеру деңгейлері



Бұл саты оқушылардың білім деңгейлерінің шығармашылық деңгейге дейінгі даму жобасын бейнелейді. Оқушылардың білім деңгейлерін шығармашылық деңгейге дейін жеткізу мақсатындағы іс-әрекеттердің бірі – шығармашылық тапсырмалар болып табылады.

Шығармашылық тапсырмалардың өзін балалардың қабілетіне, пәнге деген сүйіспеншілігіне байланысты диагностика талаптарын басшылыққа ала отырып, жүргізген жөн. Ол үшін оны түрлендіре әрі орындауға жеңіл етіп берген тиімді болмақ. Бір сабақтың өзінде бірнеше тапсырма ұсынып, таңдап орындауды баланың өз қалауына қалдыру керек. Өте жемісті тәсілдердің бірі – тапсырмаларды жүйеге бөліп, оқушының біліміне, қабілетіне байланысты ұсынуға болады. Педагогика ғылымы еш нәрсеге бейімі жоқ, қабілетсіз адам болмайды деп дәлелдейді. Сол себепті, балалардың қабілетін кеңінен өрістете дамытуға тек мектеп қана мақсатты түрде ықпал ете алады. Оқушылардың шығармашылық қабілеттерін дамытуда әртүрлі әдіс-тәсілдерді қолдануға болады: ой шапшаңдығын, сөз байлығын дамытуда өлең шумақтарын құрастыру; шығарма жаздырту; мәтін, ертегі, әңгімені өз бетінше аяқтау. Бұл сынды тапсырмалар оқушылардың сөздік қорын

молайтып, бала қиялын дамытады. Тест түрінде оқушы білімін тексеру, уақытты үнемдеуге, білімді толық тексеру мүмкіндік береді. Білім деңгейін тест арқылы тексерумен айналысып жүрген ғалым педагогтар: тест – оқушылардың өз-өзін тексеруге мүмкіндік ашатын есеп беру – оқыту әдісі деп есептейді.

Оқу үрдісінде танымдық-шығармашылық тапсырмаларды орындау шығармашылықты, ізденімпаздықты талап етеді, сондықтан мұндай тапсырмаларды орындау кезеңдерімен жүзеге асады: Өзекті мәселені табу. Мақсаты мен міндеттерін айқындау. Зерттеу әдіс-тәсілдерін белгілеу. Гипотеза (болжам) құру. Гипотезаны тексеру. Нәтиже, іс-әрекет рефлексиясы.

Оқу жұмысына шығармашылық мақсат қою, оны жоспарлау оқушыдан көптеген қасиеттерді талап етеді: зеректік, ізденімпаздық, еңбекқорлық, шабыт, мақсаткерлік, белсенділік, қызығушылық, өмірлік белсенді ұстаным.

Оқушылардың шығармашылық іс-әрекетін жетілдіру бағыты, танымдық біліктерінің қалыптасу белгілеріне, шығармашылық сипаттағы тапсырмаларды орындау мүмкіндіктеріне қарай, оларды шартты түрде мынадай 3 топқа бөлеміз: Бірінші топ - танымдық іс-әрекетте табанды, міндеттері мен мақсатын біледі; ізденімпаз, пән бойынша шығармашылық жұмыстарға белсене қатысуымен ерекшеленеді.

Екінші топ - ізденіске ұмтылады, бірақ шығармашылық тапсырмаларды орындауға барлық уақытта бірдей бейімділік көрсете бермейді; танымдық тапсырмаларды орындау әдіс-тәсілдерін табуға құлшыныс білдіреді; тапсырманы орындауда мұғалім көмегін қажет етеді.

Үшінші топ - шығармашылық сипаттағы тапсырмаларды орындауға құлықсыз; белсенділігі төмен; репродуктивті сипаттағы тапсырмаларды ұнатады; жұмысты орындауда үлгіні қажет етеді, оны орындауда көмекті қажетсінеді. Бастауыш сынып оқушыларының бойындағы шығармашылық қабілетін дамыту төмендегідей бағыттардан тұрады: қоршаған ортаны сезе білу, құбылыс себептерін іздей білу; ақыл-парасатты игеріп, ойлау, сезім қабылдауын арттыру; өзін-өзі талдауды, өзін-өзі бағалай білуді меңгерту; қарым-қатынас мәдениетін сақтай білу; қоршаған ортада өз орнын, жеке ролін анықтай білу.

Шығармашылық тапсырмаларын орындау, оларды екі түрге бөліп қарауға болады:

1. Пәнмен байланысты шығармашылық тапсырмалар. Олар іздену қызметіне, шығармашылық және дәстүрлі емес тәсілдерді пайдалануға негізделеді. Бұл тапсырмалар өз алдына дербес жұмыс істеуді талап етеді.

2. Интегративті сипаттағы тапсырмалар, оның ерекшелігі – әртүрлі мектеп пәндеріне арналған, білімді интеграциялауға негізделген. Осы шығармашылық тапсырмаларын орындау барысында, өзінің ерекше қабілетімен ерекшеленген оқушылар топ жарып шығады.

Бастауыш сыныпта математика, ана-тілі, қазақ тілі, еңбекке баулу, дүниетану, өзін-өзі тану, дене шынықтыру, бейнелеу өнері сабақтарында және мектептен, сыныптан тыс жұмыстарда оқушылардың шығармашылық қабілетін арттыруға мол мүмкіндік бар деп санаймыз. Мысалы, «Соңғы

алма» сюжетті суреті бойынша әңгіме құрастырып жазуға тапсырма беріледі. Мұрат бақтың ішімен келе жатып, ағашта қалып қойған бір жалғыз алманы көріп қалды... Ары қарай не болуы мүмкін? Оны өздерің аяқтап жазыңдар», - деген мәселе алдарына қойылды. Әр оқушы суретке қарап әңгіме құрастырады, яғни өзіндік көзқарасы, қабілетіне орай әр оқушы шығарма жазады, шығармашылық қабілетін арттырады.

Сонымен, оқушылардың шығармашылық қабілеттілігі күнделікті оқу процесінде қалыптаса бастайды. Қабілеттіліктің қалыптасуына оқу-танымдық тапсырмаларды шығармашылықпен шешудің маңызы зор. Мұндай тапсырмаларды орындау ізденімпаздықпен жұмыс істеу, мақсат қойып, оны жоспарлы әрекет етуден басталады. Нәтижеге жетуде жоспар екі негізгі аспектіні қамтуы керек: проблема жүйесі және оны шешу жолдары.

Төменгі сынып оқушыларының шығармашылық қабілеттерін қалыптастыруда сыныптық сабақ жүйесіне оқу процесін ұйымдастырудың бірқатар кешендерін қосу керек. Оған: экскурсия, оқу шеберханасындағы сабақтар, зерттеу жұмыстары, еңбек және өндіріс түрлері, сыныптан тыс жұмыс түрлері (пән үйірмелері, студия, ғылыми қоғам, олимпиада, байқаулар, конференциялар т.б.). Оқытудың бұл түрлері ауқымында жұмыстың ұжымдық, топтық, жеке, даралап және саралап оқыту түрлері ұйымдастырылады.

Сондай-ақ, кіші мектеп жастағы оқушылар жас ерекшеліктеріне байланысты ойынға өте ынталы келеді. Ойын балалардың шығармашылық қабілеттерін арттырудағы басты құрал. Яғни, ойын барысында балалардың белсенділігі, шығармашылығы дамиды. Жекелеген дидактикалық ойындар мектеп оқушысын дербестікке баули отырып оны шығармашылық жұмысқа итермелейді. Себеп-салдарлық байланыстар мен тәуелділіктерді айқындау кезінде мектеп оқушысы өзінің танымдық іс-әрекетінің мазмұнына тереңдей отырып, зерттелуші құбылыстың бірқатар қырларын дербес ашу мүмкіндігіне ие болады. Бірқатар шығармашылық-дидактикалық ойындар мектеп оқушысының суырып салмалылығын іске қосады.

Оқушыларға берілетін реферат, эссе, тезис, логикалық тапсырмалар, т.б. өз бетімен орындайтын тапсырмалар көптеген нәтижелерді байқауға болады. Оқушылардың логикалық тапсырмалар арқылы, шығармашылық қабілетін дамытуда, үш негізгі бағытпен жұмыс жасау керек: қызығушылығын арттыру (біліктілігін кеңейту, өзіне тапсырма қоя білу); ойлау және қабылдау қабілетін дамыту; шығармашылық ізденуін дамыту.

Баланың бастауыш сыныптан бастап шығармашылық қабілеттерін дамыту, өз бетіне шешім қабылдай алуға, практикалық әрекеттерге дайын болуға, оларды шығармашылық бағытта жан- жақты дамыту-бүгінгі күннің басты талабы. Әр мұғалім шығармашылықпен жұмыс істеген жағдайда ғана еліміздің саналы, дарынды азаматтарын тәрбиелеп шығаруға мүмкіндік бар.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Тұрғынбаева Б.А. Ұстаздық шығармашылық Алматы, 2017.-84б
2. Әмірова Ә.С. Бастауыш сынып оқушыларының шығармашылық іс-әрекетін қалыптастыру. – Алматы, 2019. – 52 б.
3. Кішібаева Д., Сихынбаева А. Оқушыларды шығармашылыққа баулуда белсенділігін,қызығушылығын арттыру жолдары.//Бастауыш мектеп. №3.2014